

Құрылтайшы және баспагер:

«Қазақстан Республикасының

Заңнама институты» ММ

2006 жылдан бастап шығады

Журналдың материалдары

www.iz.adilet.gov.kz

сайтында орналастырылған

Заң ғылымдары бойынша

диссертациялардың негізгі ғылыми

нәтижелерін жариялауға арналған

басылымдар тізіліміне енгізілген

(ҚР БҒМ БҒСБК 30.05.2013 ж.

№894 бұйрығы)

Редакциялық кеңес құрамы

Сәrpеков Р.Қ. (Нұр-Сұлтан,

Қазақстан) – (төраға)

Абайділдинов Е.М. – з.ғ.д. (Нұр-

Сұлтан, Қазақстан)

Абызов Р.М. – з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)

Белых В.С. – з.ғ.д. (Екатеринбург,

Ресей)

Губин Е.П. – з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)

Мельник Р.С. – з.ғ.д. (Киев, Украина)

Моисеев А.А. – з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)

Муромцев Г.И. – з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)

Рахметов С.М. – з.ғ.д. (Нұр-Сұлтан,

Қазақстан)

Малиновский В.А. – з.ғ.д. (Нұр-

Сұлтан, Қазақстан)

Унзила Шапақ – з.ғ.д. (Нұр-Сұлтан,

Қазақстан)

Редакциялық алқа құрамы

Құлжабаева Ж.О. – з.ғ.к. (Нұр-Сұлтан,

Қазақстан) – (төраға)

Азер Алиев – PhD (Киль, Германия)

Айымбетов М.А. – ҚР еңбек сіңірген

мәдениет қайраткері (Нұр-Сұлтан,

Қазақстан)

Байниязова З.С. – з.ғ.к. (Саратов,

Ресей)

Қазбаева Ә.Ғ. – з.ғ.к. (Нұр-Сұлтан,

Қазақстан)

Казиев З.Ғ. – з.ғ.к. (Нұр-Сұлтан,

Қазақстан)

Қоныс В.Т. – з.ғ.к. (Нұр-Сұлтан,

Қазақстан)

Куликпаева М.Ж. – PhD (Нұр-

Сұлтан, Қазақстан)

Мұшанов Т.Е. (Нұр-Сұлтан,

Қазақстан)

Нұрғазин Б.Қ. – з.ғ.к. (Нұр-Сұлтан,

Қазақстан)

Нұрмағамбетов Р.Ғ. – PhD (Қостанай,

Қазақстан)

Рахымбердин К.Х. – з.ғ.д. (Өскемен,

Қазақстан)

Тегізбекова Ж.Ч. – з.ғ.к. (Бишкек,

Қырғызстан)

Бас редактор

Колтубаева Г.Б.

Журнал редакциясы

Ердешева Д.Т.

Жұмагелдина Б.Ж.

Байленова А.Қ.

Джамбуршин К.А.

Қазақстан Республикасы Мәдениет

және ақпарат министрлігі Ақпарат

және мұрағат комитетінің

БАҚ есепке қою туралы куәлігі

№ 11219-Ж 15.11.2010 жс.

(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі

мен мерзімі №6592-Ж. 07.09.2005 жс.)

Мекен-жайы:

Қазақстан Республикасы, 010000,

Нұр-Сұлтан қ., Мәңгілік ел даңғ., 8 үй

тел.: 8(7172)74-02-06;

факс: 8(7172)74-14-43

www.iz.adilet.gov.kz

E-mail: instzak-kz@mail.ru,

institutzakonodatelstva@gmail.com

МАЗМҰНЫ

Редакция бағанасы 8

2018 жылғы Әділет министрлігі жұмысының қорытындысы бойынша Министрліктің кеңейтілген алқа отырысына Вице-министр Н.В. Панниң баяндамасы 12

Конституциялық және әкімшілік құқық

Л.Т. ЖАНҰЗАҚОВА Әкімшілік-процестік құқықтық қатынастардың ұғымы және белгілері 21

Т.С. НҰРЫШЕВА Әкімшілік жазаларды тағайындау және қолданудағы кейбір мәселелер 28

Т.А. ЖЕЛДЫБИНА (Саратов қ.) Құқық теориясындағы зерттеулердің перспективалы бағыты ретінде заң шығару процесін қамтамасыз ету тетігі 35

М.И. ЖҰМАҒҰЛОВ, Д.М. ЖҰМАҒҰЛОВ Мемлекеттік басқару саласындағы қолданыстағы ұлттық заңнамаға сәйкес «Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы» саласының институттарын құрылымдау жүйесін реформалау 42

Азаматтық және азаматтық іс жүргізу құқығы

М.К. СҮЛЕЙМЕНОВ Қазақстанның құқықтық жүйесіне сот прецедентін енгізу перспективалары 49

М.К. СҮЛЕЙМЕНОВ, А.Е. ДҮЙСЕНОВА Соттар мен төреліктердің өзара іс-қимылы: теория және практика мәселелері 56

В.Т. ҚОНЫС, К.К. САБИРОВ, А.Т. БЕКЕН Алдын-ала бағаланған залалдар және олардың тұрақсыздық айыбымен ара-қатынасы 68

Қылмыстық құқық және қылмыстық процесс

А.Н. АХПАНОВ, А.Л. ХАН Экстремизмге және терроризмге қарсы іс-қимылдың қылмыстық-процестік құралдарын нығайту туралы 75

Н.А. САРТАЕВА, Н.Б. МАУЫТҚАЛИ Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы және оларды жазалау туралы халықаралық-құқықтық нормаларды Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасына имплементациялау 80

Н.К. ИМАНҒАЛИЕВ, А.Т. ЗАВОТПАЕВА Мұнайды жымқыру үшін жауаптылық туралы қылмыстық-құқықтық нормаларды жетілдіру туралы 87

Т.С. ТЕМІРӘЛИЕВ, Е.А. ОМАРОВ Ақпараттық жүйелерді қолдану арқылы жасалған қылмыстарға қарсы іс-қимыл проблемалары және оларды шешу жолдары 93

Халықаралық құқық және салыстырмалы құқықтану

М.А. СӨРСЕМБАЕВ, А.Қ. ҚҰСАЙЫНОВА Қазақстанның әлемдік тәжірибе аясында халықаралық транзиттік тасымалдар проблемаларды заңдық түрде шешуі 100

В.Н. СИНЕЛЬНИКОВА (Мәскеу қ.) Орта кәсіптік білім, оның негіздері: мектепке дейінгі және мектептегі тәрбиелеу мен білім беру 109

Ж.О. ҚҰЛЖАБАЕВА Меншік құқығы мен зияткерлік меншікті қорғау жөніндегі Дүниежүзілік экономикалық форумның Бәсекеге қабілетті жаһандық индексі рейтингісі бойынша жетекші елдердің халықаралық тәжірибесі 120

Құқықтық мониторинг

М.Қ. ЖҮСПІБЕКОВА ҚТұтынушылардың қажетті және анық ақпарат алуға құқықтары 128

Р.Е. ЖАҚЫПОВ Қазақстан Республикасындағы парламенттік тыңдаулар 134

М.И. ДЯЧУК Медиация - қазіргі заманның қажеттігі 140

Мемлекеттік тілдегі заң шығармашылығы практикасынан

М.А. АЙЫМБЕТОВ Заңнама терминдерін латын графикасымен жазудың кейбір мәселелері 146

Жас ғалым мінбері	
А.М. КАЛГУЖИНОВА, С.С. СЕРІКБАЕВА Отбасы - тұрмыстық қатынастар саласындағы заңсыз әрекеттер: заңнамалық регламенттеу және әкімшілік практика.....	150
Ә.Н. СЕЙІТОВА Тауар белгілері туралы заңнаманың даму тарихы.....	159
Ж.К. ҚАРАЖАНОВА Квазимемлекеттік және жеке сектордағы себайлас жемқорлық ұғымының қалыптасуы туралы мәселесіне.....	168
Г.К. БЕЙСБЕКОВА Атқарушы билік органдарының заңға тәуелді актілерінің нормаларын нақтылау туралы мәселесіне.....	174
Ғылыми өмір хроникасы	
Тағайындалу туралы ақпараттық харбарлама.....	180
Қазақстан Республикасы Заңнама институтының Ресей халықаралық құқық қауымдастығының 62-ші жыл сайынғы жиналысына қатысуы туралы ақпараттық хабарлама, 2019 жылғы 27-31 қаңтар, Мәскеу қ.....	182
Кітап көрмесі туралы ақпараттық хабарлама.....	186
«Жаршының» мұрағат беттері	
Ш.Ж. ТАУКЕБАЕВА Жүргізіліп жатқан әкімшілік реформалар мәнмәтініндегі билік органдары мен азаматтардың өзара іс-қимылының кейбір теориялық мәселелері (ҚР ЗИ Жаршысындағы №2(18)-2010ж. – 17-20-б.).....	188
Н.М. ПРИМАШЕВ, А.Б. ҚАЙЖАҚПАРОВА З.ғ.к. Ш.Ж. Таукебаеваның «Жүргізіліп жатқан әкімшілік реформалар мәнмәтініндегі билік органдары мен азаматтардың өзара іс-қимылының кейбір теориялық мәселелері» ғылыми жарияланымына қайта оралғанда.....	192
Есімнама	
Қазақстанның заң ғылымы «алтын қорының» қазынасы (З.ғ.д., профессор С.М. Рахметовтің 70 жасына орай).....	196
Қазақстандық құқық философиясы (З.ғ.д., профессор Ж.С. Елубаевтың 65 жасына орай).....	200
Библиография	
М.К.Сүлейменовтің, Ә.Е. Дүйсенованың «Взаимодействие судов и арбитражей в сфере альтернативного разрешения споров. Международный гражданский процесс» оқу курсына рецензия.....	205
М.К. Сүлейменовтің, Ә.Е. Дүйсенованың «Взаимодействие судов и арбитражей в Республике Казахстан» практикалық құралына рецензия.....	207
Халықаралық жеке құқық энциклопедиясына рецензия.....	209
Медиацияның даму перспективалары туралы монографияға рецензия.....	212
Даналық ойлар	216



Учредитель и издатель:
ГУ «Институт законодательства
Республики Казахстан»
Издается с 2006 года

Все материалы журнала размещаются
на сайте www.iz.adilet.gov.kz
Включен в перечень изданий
для публикации основных научных
результатов диссертаций
по юридическим наукам
(Приказ ККСОН МОН РК №894
от 30.05.2013 г.)

Состав Редакционного совета
Сарпеков Р.К. (Нур-Султан, Казах-
стан) – (председатель)
Абайдельдинов Е.М. – д.ю.н. (Нур-
Султан, Казахстан)
Абызов Р.М. – д.ю.н. (Москва, Россия)
Белых В.С. – д.ю.н. (Екатеринбург,
Россия)
Губин Е.П. – д.ю.н. (Москва, Россия)
Мельник Р.С. – д.ю.н. (Киев, Украина)
Моисеев А.А. – д.ю.н. (Москва, Россия)
Муромцев Г.И. – д.ю.н. (Москва,
Россия)
Рахметов С.М. – д.ю.н. (Нур-Султан,
Казахстан)
Малиновский В.А. – д.ю.н. (Нур-
Султан, Казахстан)
Унзила Шапак – д.ю.н. (Нур-Султан,
Казахстан)

Состав Редакционной коллегии
Кулжабаева Ж.О. – к.ю.н. (Нур-
Султан, Казахстан) – (председатель)
Азер Алиев – PhD (Киль, Германия)
Айымбетов М.А. – заслуженный
деятель культуры РК (Нур-Султан,
Казахстан)
Байниязова З.С. – к.ю.н. (Саратов,
Россия)
Казбаева А.Г. – к.ю.н. (Нур-Султан,
Казахстан)
Казиев З.Г. – к.ю.н. (Нур-Султан,
Казахстан)
Конусова В.Т. – к.ю.н. (Нур-Султан,
Казахстан)
Кулиспаева М.Ж. – PhD (Нур-Султан,
Казахстан)
Мушанов Т.Е. (Нур-Султан, Казах-
стан)
Нургалинов Б.К. – к.ю.н. (Нур-Султан,
Казахстан)
Нурмагамбетов Р.Г. – PhD (Костанай,
Казахстан)
Рахимбердин К.Х. – д.ю.н. (Усть-Ка-
меногорск, Казахстан)
Тегизбекова Ж.Ч. – к.ю.н. (Бишкек,
Кыргызстан)

Главный редактор
Колтубаева Г.Б.

Редакция журнала
Ердешева Д.Т.
Жумагелдина Б.Ж.
Байленова А.К.
Джамбуршин К.А.


Свидетельство о постановке
на учет СМИ № 11219-Ж
от 15.11.2010 г. Комитета информации
и архивов Министерства культуры
и информации Республики Казахстан
(№ и дата первичной постановки на учет
№6592-Ж. 07.09.2005 г.)

Адрес:
Республика Казахстан, 010000,
г. Нур-Султан, пр. Мәңгілік ел, д. 8
тел.: 8(7172) 74-02-06;
факс: 8(7172) 74-14-43
www.iz.adilet.gov.kz
E-mail: instzak-kz@mail.ru,
institutzakonodatelstva@gmail.com

СОДЕРЖАНИЕ

Колонка редакции	9
<i>Доклад Вице-министра Пан Н.В. на расширенное заседание кол- легии Министерства по итогам работы Министерства юстиции за 2018 год</i>	16
Конституционное и административное право	
Л.Т. ЖАНУЗАКОВА Понятие и признаки административ- но-процессуальных правоотношений	21
Т.С. НУРЫШЕВА Некоторые вопросы назначения и приме- нения административных взысканий	28
Т.А. ЖЕЛДЫБИНА (г. Саратов) Механизм обеспечения про- цесса законотворчества как перспективное направление исследова- ний в теории права	35
М.И. ЖУМАГУЛОВ, Д.М. ЖУМАГУЛОВ Реформирование системы структурирования институтов отрасли «Административное право Республики Казахстан» в соответствии с действующим нацио- нальным законодательством в области государственного управления	42
Гражданское и гражданско-процессуальное право	
М.К. СУЛЕЙМЕНОВ Перспективы внедрения судебного прецедента в правовую систему Казахстана	49
М.К. СУЛЕЙМЕНОВ, А.Е. ДУЙСЕНОВА Взаимодействие судов и арбитражей: проблемы теории и практики	56
В.Т. КОНУСОВА, К.К. САБИРОВ, А.Т. БЕКЕН Заранее оцененные убытки и их соотношение с неустойкой	68
Уголовное право и уголовный процесс	
А.Н. АХПАНОВ, А.Л. ХАН Об усилении уголовно-процес- суальных средств противодействия экстремизму и терроризму	75
Н.А. САРТАЕВА, Н.Б. МАУЫТҚАЛИ Имплементация международно-правовых норм об уголовной ответственности и наказании несовершеннолетних в уголовное законодательство Ре- спублики Казахстан	80
Н.К. ИМАНГАЛИЕВ, А.Т. ЗАВОТПАЕВА О совершенство- вании уголовно-правовых норм об ответственности за хищение нефти	87
Т.С. ТЕМИРАЛИЕВ, Е.А. ОМАРОВ Проблемы противодей- ствия преступления, совершенным с применением информаци- онных систем, и пути их решения	93
Международное право и сравнительное правоведе- ние	
М.А. САРСЕМБАЕВ, А.К. КУСАИНОВА Юридическое решение Казахстаном проблем международных транзитных пере- возок в свете мирового опыта	100
В.Н. СИНЕЛЬНИКОВА (г. Москва) Среднее профессио- нальное образование, его основы: дошкольное и школьное воспи- тание и образование	109
Ж.О. КУЛЖАБАЕВА Международный опыт ведущих стран по рейтингу Глобального индекса конкурентоспособности Все- мирного экономического форума по защите права собственности и интеллектуальной собственности	120
Правовой мониторинг	
М. ЖУСУПБЕКОВА Права потребителей на получение не- обходимой и достоверной информации	128
Р.Е. ЖАКУПОВ Парламентские слушания в Республике Ка- захстан	134
М.И. ДЯЧУК Медиация – потребность современности	140
Из практики законотворчества на государственном языке	
М.А. АЙЫМБЕТОВ Некоторые вопросы написания законо- дательных терминов латинской графикой	146

Трибуна молодого ученого	
А.М. КАЛГУЖИНОВА, С.С. СЕРИКБАЕВА Противоправные действия в сфере семейно-бытовых отношений: законодательная регламентация и административная практика.....	150
А.Н. СЕИТОВА История развития законодательства о товарных знаках.....	159
Ж.К. КАРАЖАНОВА К вопросу о становлении понятия коррупции в квазигосударственном и частном секторе.....	168
Г.К. БЕЙСБЕКОВА К вопросу о конкретизации норм подзаконных актов органов исполнительной власти.....	174
Хроника научной жизни	
Информационное сообщение о назначениях.....	180
Информационное сообщение о об участии Института законодательства Республики Казахстан в 62-м ежегодном собрании Российской ассоциации международного права, 27-31 января 2019 года, г. Москва.....	183
Информационное сообщение о книжной выставке.....	187
Архивные страницы «Вестника»	
Ш.Ж. ТАУКИБАЕВА Некоторые теоретические вопросы взаимодействия органов власти и граждан в контексте проводимой административной реформы (статья в Вестнике ИЗРК, №2(18)-2010г. – С. 17-20).....	188
Н.М. ПРИМАШЕВ, А.Б. КАЙЖАКПАРОВА Возвращаясь к научной публикации к.ю.н. Ш.Ж. Таукибаевой «Некоторые теоретические вопросы взаимодействия органов власти и граждан в контексте проводимой административной реформы».....	192
Персоналии	
Человек из «золотого фонда» юридической науки Казахстана (К 70-летию д.ю.н., профессора С.М. Рахметова).....	196
Философия казахстанского права (К 65-летию д.ю.н., профессора Ж.С. Елюбаева).....	200
Библиография	
Рецензия на учебный курс Сулейменова М.К., Дуйсеновой А.Е. «Взаимодействие судов и арбитражей в сфере альтернативного разрешения споров. Международный гражданский процесс».....	205
Рецензия на практическое пособие Сулейменова М.К., Дуйсеновой А.Е. «Взаимодействие судов и арбитражей в Республике Казахстан».....	207
Рецензия на Энциклопедию международного частного права.....	209
Рецензия на монографию о перспективах развития медиации.....	212
Мудрые мысли	216



Founder and publisher:
SI «Institute of Legislation
of the Republic of Kazakhstan»
Published since 2006
All journal materials are placed
on the website

www.iz.adilet.gov.kz
Included in the list of publications of basic
scientific results of dissertations on legal
sciences (Order CCES MES RK №894
from 05.30.2013)

Editorial Council members
Sarpekov R.K. (*Nur-Sultan, Kazakhstan*)
– (*Chairman*)
Abaydeldinov E.M. – *d.j.s. (Nur-Sultan,*
Kazakhstan)
Abyzov R.M. – *d.j.s. (Moscow, Russian)*
Belih V.S. – *d.j.s. (Ekaterinburg, Russian)*
Gubin E.P. – *d.j.s. (Moscow, Russian)*
Melnik R.S. – *d.j.s. (Kiev, Ukraine)*
Moiseev A.A. – *d.j.s. (Moscow, Russian)*
Muromcev G.I. – *d.j.s. (Moscow, Russian)*
Rahmetov S.M. – *d.j.s. (Nur-Sultan,*
Kazakhstan)
Malinovskiy V.A. – *d.j.s. (Nur-Sultan,*
Kazakhstan)
Unzila Shapak – *d.j.s. (Nur-Sultan,*
Kazakhstan)

Editorial Board members
Kulzhabayeva Zh.O. – *c.j.s. (Nur-Sultan,*
Kazakhstan) – (*Chairman*)
Azer Aliyev – *PhD (Kiel, Germany)*
Aiyymbetov M.A. – *Honored Worker*
of Culture of Kazakhstan, (Nur-Sultan,
Kazakhstan)
Bainiyazova Z.S. – *c.j.s. (Saratov, Rus-*
sian)
Kazbayeva A.G. – *c.j.s. (Nur-Sultan,*
Kazakhstan)
Kazyev Z.G. – *c.j.s. (Nur-Sultan, Kazakh-*
stan)
Konusova V.T. – *c.j.s. (Nur-Sultan, Ka-*
zakhstan)
Kulikpayeva M.Zh. – *PhD (Nur-Sultan,*
Kazakhstan)
Mushanov T.E. (*Nur-Sultan, Kazakhstan*)
Nurgazinov B.K. – *c.j.s. (Nur-Sultan,*
Kazakhstan)
Nurmagambetov R.G. – *PhD (Kostanai,*
Kazakhstan)
Rakhimberdin K.H. – *d.j.s. (Ust-*
Kamenogorsk, Kazakhstan)
Tegizbekova Zh.Ch. – *c.j.s. (Bishkek,*
Kyrgyzstan)

Chief Editor
Koltubayeva G.B.

The editorial staff
Yerdesheva D.T.
Zhumageldina B.Zh.
Bailenova A.K.
Dzhamburshin K.A.

The certificate of registration of mass media
№11219-G from 15.11.2010 from
the Committee of Information and Archives
of the Ministry of Culture and Information
of the Republic of Kazakhstan
(Number and date of primary registration
№6592-Zh.07.09.2005.)

Address:
The Republic of Kazakhstan,
010000, Nur-Sultan, Mangilik el pr., 8
tel.: 8 (7172) 74-02-06
fax: 8 (7172) 74-14-43
www.iz.adilet.gov.kz
e-mail: instzak-kz@mail.ru,
institutzakonodatelstva@gmail.com

Editorial	10
<i>Report of the Vice-Minister Pan N.V. during an extended session of the Ministry panel on the outcomes of Ministry of justice in 2018</i>	12
Constitutional and Administrative Law	
L. T. ZHANUZAKOVA Concept and signs of administrative procedure legal relations.....	21
T.S. NURYSHEVA Some questions of appointment and application of administrative penalties.....	28
T.A. ZHELDYBINA (Saratov city) Mechanism for ensuring the lawmaking process as a prospective research direction in the theory of law.....	35
M. I. ZHUMAGULOV, D.M. ZHUMAGULOV Reforming of the system of institutions structuring of the branch “Administrative Law of the Republic of Kazakhstan” in accordance with the national legislation in force in the field of public administration.....	42
Civil and Civil Procedural Law	
M.K. SULEIMENOV The prospects of implementation of judicial precedent to the legal system of Kazakhstan.....	49
M.K. SULEIMENOV, A.E. DUSENOVA The interaction of courts and arbitration: problems of the theory and practice.....	56
V.T. KONUSOVA, K.K. SABIROV, A.T. BEKEN Liquidated damages and their relationship to the penalty.....	68
Criminal law and Criminal procedure	
A.N. AKHPANOV, A.L. KHAN On the strengthening of criminal procedure means of counteraction to extremism and terrorism.....	75
N. A. SARTAYEVA, N. B. MAUYTKALI Implementation of international law norms on criminal responsibility and punishment of minors into the criminal legislation of Republic of Kazakhstan.....	80
N.K. IMANGALIEV, A.T. ZAVOTPAYEVA On the issue of criminal legal norms improvement on the responsibility for oil stealing.....	87
T.S. TEMIRALIYEV, E.A. OMAROV Problems of counteraction to crimes committed with the application of information systems and the ways to solve such issues.....	93
International and Comparative law	
M.A. SARSEMBAYEV, A.K. KUSAINOVA Legal solution of international transit transport by Kazakhstan in the light of the world experience.....	100
V. SINELNIKOVA (Moscow city) Secondary professional education, its bases: preschool and school nurturing and education.....	109
Zh. O. KULZHABAYEVA The international experience of leading countries in the rating of the Global Competitiveness Index of the World Economic Forum on the protection of right to property and intellectual property.....	120
Legal monitoring	
M.K. ZHUSUPBEKOVA Rights of consumers to obtain necessary and reliable information.....	128
R. E. ZHAKUPOV Parliamentary hearings in the Republic of Kazakhstan.....	134
M.I. DYACHUK Mediation – a need of modern times.....	140
Lawmaking practice in the official language	
M. A. AIYMBETOV Latin script and some aspects of legislative terms.....	146

Young scholar tribune

A.M. KALGUZHINOVA, S.S. SERIKBAYEVA Unlawful acts in the field of family and domestic relations: legislative regulation and administrative practice.....	150
A.N. SEITOVA History of the development of legislation on trademarks.....	159
Zh.K. KARAZHANOVA On the issue of formation of the definition of corruption in the quasi-state and private sector.....	168
G.K. BEYSBEKOVA On the issue of concretizing of executive authorities bylaws norms.....	174

The Chronicle of Scientific Life

Information note on appointments.....	180
Information note on participation of the Institute of Legislation of the Republic of Kazakhstan in the 62nd Annual meeting of the Russian Association of international law, January 27 - 31, 2019, Moscow.....	184
Information note on book fair.....	186

The archive pages of the«Bulletin»

Sh. Zh. TAUKIBAYEVA Some theoretical issues of interaction of public authorities and citizens within the context of ongoing administrative reform (scientific paper in the Bulletin of the Institute of Legislation of the Republic of Kazakhstan, №2(18)-2010.-17-20 p.).....	188
N.M. PRIMASHEV, A.B. KAIZHAKPAROVA Back to the scientific paper of c.j.s. Zh. Taukibayeva «Some theoretical issues of interaction of public authorities and citizens within the context of ongoing administrative reform».....	192


Personalities

A person from the “golden fund” of juridical science of Kazakhstan (To the 70th anniversary of Doctor of Law, Professor S.M. Rakhmetov).....	196
The philosophy of Kazakhstani law (to the 65th Anniversary of Doctor of juridical sciences, professor Zh. S. Elubayev).....	200

Bibliography

Review on the tutorial by Suleimenov M.K., A.E. Duisenova «Interaction of courts and arbitrations in the field of alternative dispute resolution. International civil proceedings».....	205
Review on the practical guide by Suleimenov M.K., A.E. Duisenova «Interaction of courts and arbitrations in the Republic of Kazakhstan».....	207
Review on Encyclopedia of private international law.....	209
Review on the monograph on prospects of development of mediation.....	212

Wise thoughts	216
----------------------------	-----



УДК 342.9

ӘКІМШІЛІК ЖАЗАЛАРДЫ ТАҒАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ҚОЛДАНУДАҒЫ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕР

Толқын Серікқалиқызы Нұрышева

ҚР Жоғарғы Сотының жанындағы Сот төрелігі академиясы
Конституциялық және әкімшілік құқық кафедрасының доценті,
заң ғылымдарының кандидаты, Астана қ., Қазақстан Республикасы,
e-mail: Nuryшева_T@mail.ru

Түйін сөздер: әкімшілік жаза; әкімшілік қамаққа алу; көлік құралдарын басқару құқығынан айыру; шетелдіктерді немесе азаматтығы жоқ адамдарды Қазақстан Республикасының шегінен әкімшілік жолмен шығарып жіберу; сот практикасы.

Аннотация. Қоғамда орын алып жатқан әкімшілік құқық бұзушылықтарға әкімшілік жазаларды тағайындау және қолдану барысында туындайтын мәселелердің болуы зерттеліп отырған тақырыптың өзектілігін арттырып отыр.

Мақалада әкімшілік жазалардың кейбір түрлері, атап айтқанда арнайы құқықтан айыру (нақтылағанда - көлік құралдарын басқару құқығынан айыру), әкімшілік қамаққа алу, шетелдіктерді немесе азаматтығы жоқ адамдарды Қазақстан Республикасының шегінен әкімшілік жолмен шығарып жіберу жазаларын тағайындау және қолданудағы мәселелер қарастырылады.

Сонымен қатар мақалада сот тәжірибесінен келтірілген мысалдардан, әкімшілік жаза тағайындау кезінде жеке тұлғаға қатысты жасалған әкімшілік құқық бұзушылықтың сипаты, кінәлінің жеке басы, оның ішінде оның құқық бұзушылық жасағанға дейінгі және одан кейінгі мінез-құлқы, мүлктік жағдайы, жауаптылықты жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар ескерілмей жататындығы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының кодексінде (бұдан әрі – ҚР ӘҚБтК) кейбір абсолютті-анықталған санкциялардың бекітілуімен, сондықтан қолданылған әкімшілік жазаның әділ болмайтындығымен негізделеді және кодекстің кейбір баптарына сілтеме жасалады.

Сондай-ақ, ҚР ӘҚБтК-тің Жалпы бөлігі мен Ерекше бөлігінің арасындағы сәйкестілікке қатысты да сұрақтар туындайтыны қарастырылады. Мысалы, ҚР ӘҚБтК-тің Жалпы бөлігінің 46-бабының 3-ші бөлігінде көлік құралдарын басқару құқығынан айыру мерзімі алты айдан кем болмауға тиіс екендігі, ал Ерекше бөлігінің 610-бабының 1-ші бөлігінің санкциясы алты айға дейінгі мерзімге көлік құралын басқару құқығынан айыруды көздейтіндігі бекітілген.

Жалпы алғанда жоғарыда келтірілген жазаларды тағайындау және қолдануға қатысты ӘҚБтК-ге өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша ұсыныстар беріледі.

НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ НАЗНАЧЕНИЯ И ПРИМЕНЕНИЯ АДМИНИСТРАТИВНЫХ ВЗЫСКАНИЙ

Нұрышева Толқын Серікқалиевна

Доцент кафедры конституционного и административного права
Академии правосудия при Верховном Суде Республики Казахстан,
кандидат юридических наук, г. Астана, Республика Казахстан,
e-mail: Nuryшева_T@mail.ru

Ключевые слова: административные взыскания; административный арест; лишение права управления транспортными средствами; административное выдворение за пределы Республики Казахстан иностранца или лица без гражданства; судебная практика.

Аннотация. Наличие проблем, возникающих в процессе назначения и применения административных взысканий к административным правонарушениям, возникающим в обществе, повышает актуальность исследуемой темы.

В статье рассматриваются вопросы назначения и применения некоторых видов административных взысканий, в частности лишение специального права (лишение права управления транспортными средствами), административный арест, административное выдворение за пределы Республики Казахстан иностранцев или лиц без гражданства.

Кроме того, в статье из приведенных примеров судебной практики обосновывается, что при наложении административного взыскания на физическое лицо часто не учитываются характер совершенного административного правонарушения, личность виновного, в том

числе его поведение до и после совершения правонарушения, имущественное положение, обстоятельства, смягчающие и отягчающие ответственность, так как в кодексе Республики Казахстан об административных правонарушениях в большинстве случаев закреплены абсолютно-определенные санкции, соответственно примененное административное взыскание не всегда может быть справедливым. Делаются ссылки на некоторые статьи Кодекса Республики Казахстан об административных правонарушениях (далее - КоАП РК).

Рассматриваются вопросы, связанные с соотношением норм Общей и Особенной частей КоАП РК. На примере приводится довод о несогласованности норм Общей части и норм Особенной части. Так, согласно ч. 3 ст. 46 КоАП РК, срок лишения права управления транспортными средствами составляет не менее шести месяцев, а согласно ч. 1 ст. 610 КоАП РК это срок установлен до шести месяцев. Эти нормы существенно отличаются и являются основанием для неправильного применения.

Даны предложения по внесению изменений и дополнений в КоАП РК, касающихся назначения и применения вышеуказанных взысканий.

SOME QUESTIONS OF APPOINTMENT AND APPLICATION OF ADMINISTRATIVE PENALTIES

Tolkyn S. Nurysheva

Academy of justice under the Supreme Court
of the Republic of Kazakhstan, candidate of jurisprudence,
Astana, Republic of Kazakhstan,
e-mail: Nurysheva_T@mail.ru

Keywords: administrative penalties; administrative arrest; deprivation of the right to drive vehicles; administrative expulsion of a foreigner or a stateless person from the Republic of Kazakhstan; court practice.

Abstract. The presence of problems arising in the process of appointment and application of administrative penalties to administrative offenses arising in society, increases the relevance of the topic.

The article deals with the appointment and application of certain types of administrative penalties, in particular the deprivation of a special right (deprivation of the right to drive vehicles), administrative arrest, administrative expulsion of foreigners or stateless persons from the Republic of Kazakhstan.

In addition, the article from the examples of judicial practice proves that when imposing an administrative penalty on an individual often does not take into account the nature of the administrative offense, the identity of the perpetrator, including his behavior before and after the offense, property, circumstances, mitigating and aggravating responsibility, since the code of the Republic of Kazakhstan on administrative offences in most cases fixed absolutely certain sanctions, respectively applied administrative penalty may not always be fair. References are made to some articles of the code of the Republic of Kazakhstan on administrative offences.

The issues related to the ratio of the norms of General and Special parts of the administrative Code are considered. An example is the argument about the inconsistency of the rules of the General part and the rules of the Special part. Thus, according to part 3 of article 46 of the administrative Code, the term of deprivation of the right to drive vehicles is not less than six months, and according to part 1 of article 610 of the administrative Code is up to six months. These rules are significantly different and are the basis for misuse.

The proposals for amendments and additions to the Code of the Republic of Kazakhstan on administrative offences relating to the appointment and application of the above penalties.

Мемлекет басшысы «Қазақстан - 2050» Стратегиясында мемлекетті одан әрі нығайту және қазақстандық демократияны дамыту барысында бірнеше мақсаттарды белгілеген. Соның бесіншісінде «Мемлекет тәртіпсіздікке мүлдем төзбеушілік принципін ұстануға тиістігі» айтылған. Қазақстан Республикасының Президенті - Елбасы: «Дамыған қоғам барлық жерде тәртіп пен реттілік орнатудан, жайлы подъезден, жинақы ауладан, таза көшеден және жарқын жүзді адамдардан басталады. Біз ең ұсақ құқық бұзушылықпен, бұ-

зақылықпен, мәдениетсіздікпен ымыраға келмеуіміз керек, өйткені осының өзі қоғам тыныштығын бұзады, өмірдің сапасына селкеу түсіреді. Ұсақ құқық бұзушылыққа төзбеу ахуалы – қоғамдық тәртіпті нығайтуға, қылмыспен күреске бастайтын маңызды қадам», - деген болатын [1].

Бұл мәселенің өзектілігі қоғамда орын алып жатқан әкімшілік құқық бұзушылықтарға тағайындалатын әкімшілік жазаларды қолдану ерекшеліктерімен айқындалады, өйткені кейбір әкімшілік құқық бұзушылықтарға

тағайындалатын әкімшілік мәжбүрлеу шараларын қолдануды әлі де жетілдіру, ал кейбіреулеріне байланысты заңнамаға жаңа норма енгізу қажет.

Әкімшілік жаза құқық бұзушылық жасаған адамға тән азабын тарттыруды немесе оның адамгершілік қадір-қасиетін қорлауды, сондай-ақ, заңды тұлғаның іскерлік беделіне зиян тигізуді мақсат тұтпайды [2, 136-137].

Сонымен, әкімшілік жаза дегеніміз, осыған заңмен уәкілеттік берілген судья, органдар (лауазымды адамдар) әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін қолданатын мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы болып табылады және мұндай құқық бұзушылық жасаған тұлғаның құқықтары мен бостандықтарынан осы Кодексте көзделгендей айыруды немесе олардың шектелуін қамтиды¹.

Әкімшілік жаза қолдану мақсаты жөнінде заң әдебиеттерінде көптеген жылдар бойы қызу пікірталас болып, оны ғалымдар әртүрлі сипатта ұсынған, ал заңның деңгейінде әкімшілік құқық бұзушылық үшін тағайындалатын жазаның мақсатын әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру, сондай-ақ, құқық бұзушылықты жасаған тұлғаны заңнама талаптарын сақтау және құқық тәртібін құрметтеу рухында тәрбиелеу, сондай-ақ құқық бұзушының өзінің де, басқа тұлғалардың да басқа құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу болып табылатындығын бекіткен [3, 267-268].

Әкімшілік жаза қолдану кезінде жеке тұлғаға жасалған әкімшілік құқық бұзушылықтың сипаты, кінәлінің жеке басы, оның ішінде оның құқық бұзушылық жасағанға дейінгі және одан кейінгі мінез-құлқы, мүліктік жағдайы, жауаптылықты жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар, ал заңды тұлғаға әкімшілік жаза қолдану кезінде әкімшілік құқық бұзушылықтың сипаты, мүліктік жағдайы, жауаптылықты жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар ескеріледі.

Әкімшілік жаза түрлері мен мөлшерлемесін анықтауда заңдылықты сақтау ерекше маңызды, өйткені әкімшілік-юрисдикциялық процесінің осы кезеңінде әкімшілік жауаптылыққа тартылған тұлғаның кінәлі немесе кінәсіз екендігі туралы мәселе шешіледі. Әкімшілік құқық бұзушылық үшін әкімшілік жаза тек ҚР ӘҚТК-пен белгіленеді және басқа негіздер мен тәртіптер болған жағдайда ешкім де ұшыратылуға тиіс емес [4, 34].

Сонымен, әкімшілік жазалардың түрлеріне келсек, олар негізгі және қосымша жаза-

лар болып топтастырылады. Ескерту жасау, әкімшілік айыппұл, әкімшілік қамаққа алу түріндегі шаралар тек қана негізгі әкімшілік жазалар ретінде қолданылады. Тәркілеу, заңсыз тұрғызылып жатқан немесе тұрғызылған құрылысты мәжбүрлеп бұзу тек қана қосымша әкімшілік жаза ретінде ғана қолданылады. Ал, арнайы құқықтан айыру, рұқсаттан айыру не оның қолданылуын тоқтата тұру, сондай-ақ тізілімнен алып тастау, қызметті немесе оның жекелеген түрлерін тоқтата тұру немесе оған тыйым салу, сондай-ақ шетелдіктерді немесе азаматтығы жоқ адамдарды Қазақстан Республикасының шегінен әкімшілік жолмен шығарып жіберу негізгі, сол сияқты қосымша әкімшілік жазалар ретінде қолданылады².

Осыдан кейбір әкімшілік жазаның тағайындалуы және олардың қолданылуына қатысты мәселелерге тоқталып өту қажеттігі туындайды.

Әкімшілік жазаның негізгі және қосымша түрі ретінде арнайы құқықтан айыру жазасының тағайындалуы және қолданылуына қатысты тоқталып өтетін болсақ, бұл жазаны тек қана судья тағайындай алады.

Арнайы құқықтан айыру түріндегі жаза едәуір дәрежеде құқық шектеумен байланысты, өйткені осы жазаны қолдану сот қаулысында белгіленген мерзім ішінде белгілі бір құқықтан айыруға әкеп соғады [2, 144].

Арнайы құқықтан айырудың мерзімі бір айдан кем болмауға және екі жылдан аспауға, ал көлік құралдарын басқару құқығынан айыру мерзімі алты айдан кем болмауға және он жылдан аспауға тиіс.

Көлік құралдарын басқару құқығынан айыруды, көлік құралын масаң күйде басқару не масаң күйді куәландырудан белгіленген тәртіппен өтуден жалтару, сондай-ақ аталған адамдардың белгіленген қағидаларды бұзып, өздері қатысушысы болып табылған жол-көлік оқиғасы болған жерден кетіп қалу жағдайларын қоспағанда, мүгедектігіне байланысты пайдаланатын адамдарға бұл жазаны қолдануға болмайды. Сонымен қатар, аң мен балық аулау құқықтарынан, аң аулау қаруы мен оның оқ-дәрілерін және балық аулау құралдарын сақтау мен алып жүру құқықтарынан айыруды, үнемі бұзушылықты қоспағанда, аң аулау не балық аулау өмір сүруінің негізгі заңды көзі болып табылатын адамдарға қолдануға жатпайды.

ҚР ӘҚБтК-тің Ерекше бөлігіндегі кейбір баптарда, тек қана абсолютті айқындалған жазаның бекітілуі және ондай жағдайда әле-

¹ Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі, 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ //http://adilet.zan.kz (қарау күні 20.12.2018)

² Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі, 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ //http://adilet.zan.kz (қарау күні 21.12.2018)

уметтік әділеттіліктің орнайтынына күмән туындатады, мысал ретінде біз төменде бірнеше ситуациялық және орын алуы мүмкін жағдайларды қарастырып өтеміз:

ҚР ӘҚБтК-нің 596-бабының 3-бөлігінде «Егер бұл жол жүрісі қағидаларында тыйым салынған жағдайларда, жолдың жүру бөлігінің қарсы бағытта жүруге арналған жағына, оның ішінде кері бұрылып немесе бұрылыс жасап шығу» әрекеттеріне – алты ай мерзімге көлік құралдарын басқару құқығынан айыруға әкеп соғатын абсолютті айқындалған санкция, яғни бір ғана жазалау шарасының түрі көзделген. Егер де осы әкімшілік құқық бұзушылықты көлік құралын мүгедектігіне байланысты пайдаланатын адам жасаса не болмақ? ҚР ӘҚБтК-нің Жалпы бөлігіндегі 46-баптың 4-бөлігінде «Көлік құралдарын басқару құқығынан айыруды, көлік құралын масаң күйде басқару не масаң күйді куәландырудан белгіленген тәртіппен өтуден жалтару, сондай-ақ аталған адамдардың белгіленген қағидаларды бұзып, өздері қатысушысы болып табылған жол-көлік оқиғасы болған жерден кетіп қалу жағдайларын қоспағанда, бұл құралдарды мүгедектігіне байланысты пайдаланатын адамдарға қолдануға болмайды» деп көрсетілген. Мұндай жағдайда мүгедектігіне байланысты көлік құралын басқаратын адамды әкімшілік жауаптылықтан босатылуға әкеп соғатын іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы қаулы шығарылуы қажет, ол жөнінде ҚР ӘҚБтК-тің 829-14-бабының 7-бөлігі былай дейді: «Іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы қаулы осы Кодекстің 741-бабында көзделген іс бойынша іс жүргізуді болғызбайтын мән-жайлар болған жағдайларда ғана шығарылады». Алайда, ҚР ӘҚБтК-нің 741-бабында құқық бұзушылықты мүгедектігіне байланысты пайдаланатын көлік құралымен жасаған адамның жауаптылығы жайлы көрсетілмеген.

Бұған қоса, ҚР ӘҚБтК-нің 610-бабының 1-бөлігінің санкциясы жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға немесе алты айға дейінгі мерзімге көлік құралын басқару құқығынан айыруды көздейді, бұл көлік құралын басқару құқығынан екі, үш, төрт не бес ай мерзімге де айыруға болады деген мағынаны білдіреді, алайда көлік құралын басқару құқығынан айыру ҚР ӘҚБтК-нің Жалпы бөлігінің ережесіне сәйкес, алты айдан кем болмауға тиіс деп көрсетілген. Сондықтан, бұл карама-қайшылық та өзгеріске ұшырауға жатады.

Әкімшілік жазаның келесі тек қана негізгі ретінде әкімшілік қамаққа алу жазасының тағайындалуы және қолданылуына қатысты тоқталып өтетін болсақ. Бұл жазаны да тек қана судья қолдана алады. Әкімшілік қамаққа алу айрықша жағдайларда тағайындалады, әкімшілік қамаққа алу ол ең қатал жаза болып есептеледі, ол белгілі бір заңда көзделген уақытқа, ішкі істер органдарының арнайы қабылданған бөлімшелерінде қоғамнан оқшаулап ұстаумен жүзеге асырылады. Әкімшілік қамаққа алу отыз тәулікке дейінгі, ал төтенше жағдайлар режимі талаптарын бұзғаны үшін қырық бес тәулікке дейінгі мерзімге судьямен ғана белгіленеді.

ҚР ӘҚБтК-нің 50-бабына сәйкес әкімшілік қамаққа алуды судья айрықша жағдайларда ҚР ӘҚБтК-нің Ерекше бөлігінде көзделген шектерде тағайындайды. Жасағаны үшін әкімшілік қамаққа алу түрінде әкімшілік жаза көзделетін әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қараған кезде судьялардың әкімшілік қамаққа алуды қолдануды болдырмайтын ҚР ӘҚБтК-нің 32 және 50-баптарының екінші бөліктерінде көзделген мән-жайлардың болғанын немесе болмағанын мұқият анықтағаны жөн³.

Әкімшілік қамаққа алу жазасын келесідей адамдарға, атап айтқанда: жүкті әйелдерге және он төрт жасқа дейінгі балалары бар әйелдерге, он сегіз жасқа толмаған адамдарға, 1 және 2-топтардағы мүгедектерге, сондай-ақ елу сегіз жастан асқан әйелдер мен алпыс үш жастан асқан еркектерге және он төрт жасқа толмаған балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектерге қолдануға болмайды.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді қамтамасыз ету шарасы ретінде әкімшілік ұстап алу қолданылған жағдайда оның мерзімі әкімшілік қамаққа алу мерзіміне қосылады. Яғни, ұстап алынған адамның бас бостандығы ұстап алған адамға қандай да бір процестік мәртебе берілуіне немесе өзге де формальды рәсімдер орындалуына карамастан, шын мәнінде шектелген кезде, минутына дейінгі дәлдікпен сол сағат ұстап алу мерзімінің басталуы болып табылады.

Масаң күйдегі адамға қатысты әкімшілік ұстап алу мерзімі – медицина қызметкері оны айықты деп куәландырған уақыттан бастап есептеледі. Нақты ұстап алу уақытынан бастап үздіксіз есептелетін үш сағаттың өтуі осы мерзімнің аяқталу кезі болып табылады⁴.

Осы жерде тоқталып кететін жайт, ҚР ӘҚБтК-нің 806-бабының 1-бөлігіне сәйкес,

³ Соттардың Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің Жалпы бөлігінің нормаларын қолдануының кейбір мәселелері туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2016 жылғы 22 желтоқсандағы № 13 Нормативтік қаулысы // <http://adilet.zan.kz> (қарау күні 20.12.2018)

⁴ Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі, 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ // <http://adilet.zan.kz> (қарау күні 20.12.2018)

әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама әкімшілік құқық бұзушылық жасау фактісі анықталғаннан кейін дереу жасалады. Ал, 808-баптың 3-бөлігінде жасалғаны үшін жауаптылық әкімшілік қамаққа алуды, шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен әкімшілік жолмен шығарып жіберуді қолдануға әкеп соғуы мүмкін әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама (прокурордың қаулысы) жасалғаннан кейін судьяға дереу жіберіледі деп көрсетілген.

Сот органы кешкі сағат 18:30-дан кейін жұмыс жасамайды, сонда егер түнгі уақытта ҚР ӘҚБтК-нің 608-бабының 6-бөлігімен Қазақстан азаматы не 517-бабының бөліктерімен шетел азаматы құқықты бұзған жағдайда оларды келесі жұмыс күні басталғанша ұстап отыруға тура келмейді ме?

Келесі, ҚР ӘҚБтК-нің 608-бабының 6-бөлігінде көзделген абсолютті айқындалған әкімшілік қамаққа алу жазасы, яғни ол жерде жүргізушінің көлік құралын алкогольдік, есірткілік және (немесе) уытқұмарлық масаң күйде басқаруы, сол сияқты көлік құралын алкогольдік, есірткілік және (немесе) уытқұмарлық масаң күйдегі адамның басқаруына беруі, не жәбірленушінің денсаулығына қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері жоқ зиян келтіруге немесе көлік құралдарын, жүктерді, жол құрылыстары мен өзге де құрылыстарды не өзге мүлікті бүлдіруге, не авариялық жағдай туғызуға әкеп соққан әрекеттерді көлік құралдарын басқару құқығы жоқ адамдар жасаған жағдайда – жиырма тәулікке әкімшілік қамаққа алуға жазасы көзделген.

Аталған әкімшілік құқық бұзушылықты мысал ретінде құқық қорғау органының қызметкерін алсақ, ол оны қызметтік міндеттерін атқару кезінен тыс уақытта жасаған болсын. ҚР ӘҚБтК-нің 32-бабының 2-бөлігіне сәйкес, құқық қорғау органының қызметкері жол жүрісі қағидаларын бұзғаны үшін тиісті органдарда қызмет өткеру тәртібін регламенттейтін нормативтік құқықтық актілерге сәйкес емес тиісінше жалпы тәртіппен әкімшілік жауаптылықта болады, алайда дәл осы бөлікте аталған адамдарға әкімшілік қамаққа алу түрінде әкімшілік жазалар қолдануға болмайды деп көрсетілген.

Бұл жағдайда да, тұлғаны әкімшілік жауаптылыққа тарту не жауаптылықтан босату үшін жоғары да аталған 741-бапта іс бойынша іс жүргізуді болғызбайтын тиісті мән-жай ретінде қарастырылмаған.

Демек, ҚР ӘҚБтК-тің 741-бабына жоғарыда аталған мысалдар бойынша іс жүргізуді болғызбайтын мән-жайлар толықтырылуы не Жоғарғы Соттың нормативтік қаулысында түсіндірме болуы керек деп есептейміз.

Шетелдіктерді немесе азаматтығы жоқ адамдарды Қазақстан Республикасының

шегінен әкімшілік жолмен шығарып жіберу. Қазақстан Республикасының аумағында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының континенттік қайраңында әкімшілік құқық бұзушылықтар жасаған шетелдіктер, шетелдік заңды тұлғалар, олардың филиалдары мен өкілдіктері және азаматтығы жоқ адамдар жалпы негіздерде әкімшілік жауаптылыққа жатады.

Шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен шығарып жіберу туралы сот қаулысы шығарылған күнінен бастап заңды күшіне енеді және шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен шығарып жіберуге негіз болып табылады.

Егер әкімшілік іс жүргізу барысында өзіне қатысты Қазақстан Республикасының шегінен әкімшілік жолмен шығарып жіберу түрінде әкімшілік жазалау шарасы қолданылуы мүмкін адам, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне сәйкес ауыр немесе аса ауыр қылмыс болып танылатын іс-әрекеттің өзіне қатысты жасалғаны туралы хабарланған жағдайда, онда осы адамға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарау Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 179-бабында белгіленген тәртіппен хабарлама немесе арыз бойынша шешім қабылданғанға дейін кейінге қалдырылады.

Шетелдіктерді немесе азаматтығы жоқ адамдарды Қазақстан Республикасынан әкімшілік жолмен шығарып жіберу туралы қаулыны орындау Қазақстан Республикасынан шығарып жіберілетін адамға бақылау жасала отырып, өздігінен кетуі арқылы жүргізіледі. Шығарып жіберу бойынша шығыстарды шығарып жіберілетін заңсыз көшіп келушілер, көшіп келушіні Қазақстан Республикасына шақырған жеке немесе заңды тұлғалар көтереді. Аталған адамдардың шығарып жіберу бойынша шығыстарды жабуға қаражаты болмаған не жеткіліксіз болған жағдайларда, тиісті іс-шараларды қаржыландыру бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

Шығарып жіберу туралы сот шешімін орындамаған және шешімде көрсетілген мерзімде Қазақстан Республикасының аумағынан кетпеген адам заңнамада белгіленген тәртіппен шығарып жіберілуге жатады.

Егер шығарып жіберілетін адамды шет мемлекеттің өкіліне беру Қазақстан Республикасының аталған мемлекетпен шартында көзделмесе, шығарып жіберу Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі айқындайтын орында жүзеге асырылады. Егер шығарып жіберу Қазақстан Республикасының аталған мемлекетпен шартында көзделсе, шетелдіктерді немесе азаматтығы жоқ адамдарды Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу

пунктінен шығарып жіберу туралы аумағына (аумағы арқылы) аталған адам шығарып жіберілетін шет мемлекеттің билігі хабардар етіледі. Әкімшілік жолмен шығарып жіберу туралы қаулыны орындау екіжақты немесе біржақты акт түрінде ресімделеді⁵.

Жазаның бұл түріне қатысты заңда жіберілген кемшіліктердің барын айтуға болады, соның бірі - ҚР ӘҚБтК-нің 829-14-бабының 2-бөлігінің 2-тармағы. Онда былай деп жазылған: «Шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен шығарып жіберу туралы сот қаулысы Қазақстан Республикасының аумағын тастап кетуге тиіс болатын мерзім көрсетіледі». Алайда, бұл бапта шетелдіктерді немесе азаматтығы жоқ адамдарды Қазақстан Республикасының шегінен әкімшілік жолмен шығарып жіберудің нақты мерзімі көрсетілмеген. Бұл жағдайда, судьялардың қаулы шығару кезінде әртүрлі тәжірибесі орын алуда, мысалы Қарағанды облысы 10 тәулік деп көрсетсе, Оңтүстік Қазақстан облысы 3 тәулік деп көрсетуде [5, 82-83]. Әрине бұл логикалық тұрғыдан қисынды мерзім болуы тиіс, өйткені әр облыстың аумақтық шекарасының қашықтығы әртүрлі, дегенмен заңда өз еркімен шығып кетудің нақты мөлшері көрсетілуі керек. «Өз еркімен» деген сөзді судьялар міндетті түрде қаулыда көрсетулері керек, өйткені оларға Қазақстан Республикасының аумағын тастап кетуге берілетін мерзім құқық бұзушының өз еркімен шығуына арналған. Оны тиісінше орындамаған жағдайда, оған қылмыстық теріс қылық жауаптылық туындайды, яғни, шетелдіктің не азаматтығы жоқ адамның оған қатысты қабылданған Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жіберу туралы шешімді орындамағаны үшін Қылмыстық кодекстің 393-бабымен шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге бес жыл мерзімге шығарып жібере отырып, бір жүз алпыс айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не қырық тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады⁶. Ал, бұндай жағдайда сот шетелдікті не азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге мәжбүрлеп (күштеп) шығарып жібереді.

Тәжірибеден келесі мысалды келтірсек, ескі редакциядағы ҚР ӘҚБтК бойынша судья, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарауға әзірлеу кезінде, кері қайтару туралы процессуалдық шешім қабылдайтын нор-

ма болған. Осы заң нормасының қолданыста болмауы бүгінгі таңда әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарап, уактылы шешім шығаруға қиындықтар тудыруда, соның салдарынан көбінесе құқық бұзушылардың әкімшілік жауаптылыққа тарту мерзімі өтіп, жазадан босатылып жатады. Себебі, судья сотқа келіп түскен істердің заңдылығы мен толыққандылығын тексеруі қажет, ал бүгінгі таңда хаттаманы жасаушы лауазымды адамдардың барлығын бірдей білікті деп айта алмаймыз. Егер істі қарауға әзірлеу барысында кемшіліктер мен толымсыздықтар анықталса, судья істі кері қайтару мүмкіндігінің болмауынан өз тарапынан түзетулер мен толықтырулар енгізіп отыруға мәжбүр. Бұдан бөлек, жасалуы әкімшілік қамаққа алу, шетелдікті не азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен әкімшілік жолмен шығарып жіберу, сондай-ақ, адамға берілген арнайы құқықтан (көлік құралдарын басқару құқығынан айыруды қоспағанда) айыру түріндегі әкімшілік жазаға әкеп соғатын әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарау кезінде әкімшілік жауаптылыққа тартылатын адамның қатысуы міндетті болып табылады және осы санаттағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер аудандық соттың кеңсесімен алынған күні, ал әкімшілік ұстап алуға ұшыраған адамға қатысты – ол ұстап алынған кезден бастап жиырма төрт сағаттан кешіктірілмей қаралуы тиіс.

Тәжірибеде көрсеткендей, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істердің барлығы соттарға қолма-қол жеткізіле бермейді, кей жағдайларда пошта торабы немесе «Сот кабинеті» сервисі арқылы жолданып жатады. Аталмыш санаттағы істер келіп түскен жағдайда, судья өз кезегінде құқық бұзушыны сотқа шақырып, келуден жалтарған жағдайда «күштеп әкелу жайлы» қаулы шығарады, алайда ол қаулы құқық бұзушының жасырынып қалуынан, аудан көлемінен шығып кетуінен не басқа да себептермен орындаусыз қалса, судья қандай шешім қабылдамақ? Өйткені ол істі не кері қайтара алмай не мәні бойынша да қарай алмайды.

Дегенмен, бүгінгі таңда соттарда бұл орын алып жатқан мәселе, бірақ судьялар заңға толық сәйкес келе бермейтін процессуалдық шешім қабылдап жатыр. Ол келесідей жолдармен жүзеге асырылуда: заңға сәйкес сотқа келіп түскен күні қаралатын және жауапқа тартылып отырған тұлғаның қатысуы міндетті істер бойынша судья істі өз өндірісі-

⁵ Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі, 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ // <http://adilet.zan.kz> (қарау күні 20.12.2018)

⁶ Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ // <http://adilet.zan.kz> (қарау күні 20.12.2018)

не қабылдап, құқық бұзушыны тиісті түрде шақыртады, ол келмеген жағдайда іс бойынша іс жүргізуді қамтамасыз ету шарасы ретінде «күштеп әкелу» туралы қаулы шығарып, оның орындауын ішкі істер органы не сот приставына жүктейді, алайда қаулы орындаусыз қалған жағдайда, судья тығырықтан шығу үшін тұлғаның жүрген жері белгісіз, іздеу жариялануға және ол ішкі істер органының ведомстволығына жатады деген тұжырыммен, ҚР ӘҚБтК-нің 821-бабының 1-бөлігінің 3-тармағын

(2017 жылғы 28 желтоқсанда енгізілген өзгеріскесәйкес 829-9-бабының 1-бөлігінің 5-тармағын) басшылыққа алып, істі кері қайтарады.

Сондықтан кодекске тиісті толықтыру енгізіп, судьяның өкілеттілігіне, сотқа келіп түскен әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді, кемшіліктердің анықталуына байланысты оны жасаған органға кері қайтару туралы шешім қабылдау құқығын беру өте қажет, ол бүгінгі таңдағы өзекті мәселелердің бірі, өйткені аталмыш норманың болмауы құқық бұзушылардың жауаптылықтан босап кетуіне өз септігін тигізуде.

Қорытындылайтын болсақ, тағайындалатын және қолданылатын әкімшілік жаза түпкі мақсатына шынайы жетсе, төрелік әділ жүзеге асырылса ғана қоғамның сотқа деген сенімі нығая түспек.

ӘДЕБИЕТ

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты : Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасының Қазақстан халқына 2012 жылғы 14 желтоқсандағы Жолдауы // <http://adilet.zan.kz> (қарау күні 20.12.2018)
2. Күнхожаева Г.Н., Жылқыбай Қ.Ұ. Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы. Оқулық. – Алматы: NURPRESS, 2013. – 272 бет.
3. Қызылов М. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқығы. Оқулық. 2-басылым. – Астана: Фолиант, 2012. – 504 бет.
4. Балабиев Қ. Әкімшілік жаза түрін тағайындауда заңдылықты қамтамасыз ету // Заңгер. 2012. – № 7.
5. Ерімбетов Т. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының кодексін қолдануда туындаған мәселелер // Заңгер. 2015. – № 7.

REFERENCES

1. Nazarbaev N.Ә. «Қазақстан – 2050» Strategijasy qalyptaskan memlekettiñ zhaña sajası baғыty : Қазақстан Respublikasynuñ Prezidenti – Elbasynuñ Қазақстан halқыna 2012 жылғы 14 желтоқсандағы Zholdauы // <http://adilet.zan.kz> (қарау күні 20.12.2018)
2. Kunhozhaeva G.N., Zhylkybaj Q.Ұ. Қазақстан Respublikasynuñ әkimshilik құқығу. Оқулық. – Almaty: NURPRESS, 2013. – 272 bet.
3. Qyzylov M. Қазақстан Respublikasynuñ Әkimshilik құқығу. Оқулық 2-basylym. – Astana: Foliant, 2012. – 504 bet.
4. Balabiev Q. Әkimshilik zhazatyrintazajyndaudazaңdyлықtuqamtamasyzetu. // Заңгер. 2012. – № 7.
5. Erimbetov T. Әkimshilik құқық bұzushyлық turaly Қазақстан Respublikasynuñ kodeksin qoldanuda tuyndağan мәseleler // Заңгер. 2015. – № 7.